



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

әкелді. Жыланды елінің сайлаған ханы Әлсен қажыны, Қарағаш елінің сайлаған ханы Шоңның Оспанын тұтқынға алып, Тінәлінің ханы Қуаныш қажыны алдап сөйлеуге шақырып алып, тұтқындап, Ақмола түрмесіне қамады. Қалың елге жазалаушы әскер пулемет, зеңбірек қолданып, қарапайым қаруланған халық төтеп бере алмады. Арқа қазақтары шамалары келгенше тобын жазбай, күрес жүргізе берді. Нәубет жылы әр аймақтағы көтерілістер аяусыз, қатаң жазаланды.

1916 жылғы көтеріліс кезінде қайта жаңғырған дәстүрлі хандық билік дәстүрлі жүйенің өміршеңдігін көрсетеді. Патша үкіметінің ғасырлар бойы жалғасып келген отарлау саясатының жергілікті халықтың елдік-еркіндік негіздерін жоя алмағандығының айқын дәлелі, 1916 жылы Қазақстанның әр аймағында көрініс тапты. Шыңғыс ұрпақтарына ғана тиесілі болып келген «хан» билігіне кейбір жерлерде қарадан шыққан қазақтар сайланды. Дәстүрлі хандық биліктің жаңғырып, ұлттық сана-сезімнің оянуы 1917 жылы құрылған Алаш автономиясына жергілікті халықты дайындады деп қорытындылауға толық негіз бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдажұманов Қ.С. Дәуірдің жарық жұлдызы: Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. 273 б.
2. Әмірқызы К. Ауылым – атамекенім. – Ақмола: Аққұс, 1993. – 228 б.
3. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане// сборник документов. – Москва: АН СССР, 1960. – 792 б.
4. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу: Тарихи-мемуарлық роман / Төртінші басылым.- Алматы "Жазушы", 1977.- 387 б.
5. ҚР ОММ. 246 – қ. 1 – т. 122 – іс. 3-7 п.
6. Әбдіғалиұлы Б. Торғай көтерілісі. 1916-1917 жж. құжаттар, мақалалар. – Астана: Фолиант, 2016. – 248 б.
7. ҚР ПМ. 811 – қ. 1-т. 58-іс. 1-20 п.

ӘОЖ 93/94

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА ӘСКЕРИ ЖАСАҚТАРДЫ ҚҰРУ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛГЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Елемесов Санжар Мейрамұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-К.И. Искакова

Қазақстан аумағынан шамамен миллионнан астам ержүрек аға-әпкелеріміз мобилизациянды. Енді Ақмолаға келетін болсақ, Ақмола ол кезде темір жол инфрақұрылымы жақсы дамыған Орта азиялық әскери округтың орталығы болған еді. Соған байланысты Ақмоладан дивизиялар мен жасақтарды аз уақыттың ішінде жасақтап, соғысқа аттандыру ыңғайлы еді. Әрине темір жол арқылы соғыстың барлық ошақтарына тура жеткізеді дегенім емес, дивизиялар көбінесе жаяу жүрген еді.

Ақмола облысының соғыс кезіндегі мобилизациясы

Халық саны 1.01.1941ж	1938 ж.- 22.06.1941 ж.	1941 жылдың соңына дейін	1942ж.	1943ж.	1944ж.	1945ж.	Барлығы
322799	5745	20488	26431	9651	4502	2063	69880

Жоғарыда көрсетілген кесте Ақмола облысындағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі мобилизацияның статистикасын байқай аламыз. Бұндай деректер Ақмола қаласында 1970 жылдарда жарық көрген «Цилиноградская правда» мерзімді басылымдардың бірнешеуі Астана қаласының мемлекеттік мұрағатының 61 қор 41 тізбе 3 іс, яғни Баймұқан Алтынбеков 310 атқыштар дивизия ардагерінің келешек ұрпақтарға сақтап қалған құжаттарынан таба аламыз. Бірден ескертіп алайық бұл кестеде соғысқа аттанған барлық ақмолалықтар бар деп айтуға болмайды. Себебі өңіріміздің жауынгерлері майданға еліміздің басқа қалаларынан, ал кейбіреулері кеңес үкіметінің басқа одақтас республикаларынан аттанған болатын. Алысқа бармай-ақ Кеңес Одағының ең атақты батырларының бірі, Ақмола облысында өмірге келген, бірақ майданға Алматы қаласынан кеткен - Талғат Бигельдинов.

Ақмола облысының сол кездегі халық саны шамамен 323 мың дегенді ескерсек, ал майданға ресми түрде 70 мыңға жуық жауынгер кеткенде, Ақмола облысының мобилизациясы 22 пайызды құрастырады. Енді осыған басқа өңірлерден кеткендерді қосқанда 30 пайыздан асып кетеді. Бұл дегеніміз осы өңірде мобилизация өте белсенді өтті дегенді білдіреді. Себебі 322 мыңнан әйелдерді, қарттарды, балаларды, әскерге әр түрлі себептерден жарамсыздарды ескеру қажет.

Келесі қарастыратынымыз Ақмола қаласының жекелеген статистикасы.

Барлығы 21 мыңға жуық жауынгер Ақмола қаласында тіркелген. Бүгінгі Астананы және соғыс кезіндегі Ақмоланы салыстыру қате болар. Сол себепті айтылған сандарға таң қалудың еш орыны жоқ. 21 мыңның 10 мыңы майданға, 5-ға жуық резервтегі құрамада, 6 мыңға жуық тыл жұмыстарына алынған еді.

Ақмола қаласының соғыс кезіндегі мобилизация

	барлығы	1941ж.	1942ж.	1943ж.	1944ж.	1945ж.
Шақыртылды	20731	4540	15056	1135		
Әскери құрама	9783	4540	4139	1104		
Запастағы құрама	4784		4784			
Тәжірбиелік құрама	156		156			
Еңбекке(тыл) шақыртылғандар	6008		5977	31		
Әскери шығындар	7414	743	2414	2219	1407	631

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағының жеңіске жеткені сөзсіз. Әрине жеңілген кезде жағдайымыз қандай болатының елестетудің өзі сұмдық, дегенмен аталмыш жеңістің қандай түрде келгені де көзде жас тудырады. КСРО қатарынан шамамен 27 миллион адам соғыс кезінде қаза тапқан, не еш хабарсыз жоғалған. Ал Қазақстанға келетін болсақ 600 мыңға жуық отандастарымыз соғыстан оралмады. Ақмола облысына тоқталсақ 34 мың ақмолалық майдан шебінен үйіне қайтпады. Жоғарыда айтылғандай бұл тек Ақмола облысында тіркеліп, соғысқа кеткендері ғана. Осының 14 мыңы соғыс барысында, 3 мыңы госпитальдарда, 200-ге жуық жауынгер тұтқында қаза тапты. Ең қызығы жерлестеріміз сонау Манджурияда жапондармен соғысқан, соның 300-ге жуығы қаза тапқан екен. Ал қалған 17 мың ақмолалықтар еш хабарсыз соғыстан қайтпады. Ақмола қаласына жеке тоқталғанда, жалпы соғысқа аттанған 20731 Ақмола қаласының азаматтарынан тек 7414-і ғана аман қайтты.

Жауынгерлік шығындар

	1941	1942	1943	1944	1945	Жапониямен соғыс кезінде	Барлығы
Қаза тапқандар	1397	3949	4809	2609	1313	97	14264
Госпитальда қаза тапқандар	215	752	773	668	359	73	2840
Тұтқында қаза тапқандар	7	63	52	63	7	13	205
Еш хабарсыз жоғалғандар	2379	6425	4713	2314	697	113	16641
Барлығы	3998	11189	10937	5654	2376	296	33950

Қазақстанның бүгінгі күні көпұлтты мемлекет. Бұндай көпұлтшылдық әрине де КСРО басшылығының жүргізген саясаты арқасында. Қазіргі кездегі біздің отандастарымыз әртүрлі жағдайда Ақмола облысына да күштеп көшірілді. Кешегі бір-ақ күнсіз неміс автономиясы - Ерейментау ауданы, тікелей міндеті - департацияға ұшыраған халықтарды қабылдау – Шортанды ауданы, АЛЖИР болсын, құпия Степногорск қаласы - барлығы Ақмола облысына қарасты елді-мекендер. Соншама ұлттарды жинаған Ақмола өңірі соғыс кезінде де, одан кейін де, бүгінгі күннің өзінде де әртүрлі ұлттар арасында достық пен ынтымақтастықты ұстап отыр. Мысалы, соғыс барысында өңірде соғысқа аттанғандардың сапында жергілікті қазақтан бастап, финдер секілді ұлттардың есімдері кездеседі. Ең көп әрине орыс халқы 37 мың, одан кейін қазақтар 21 мың. Бұл қазақтардың соғысқа бармағаны емес, сол кездегі жалпы қазақ халқының аталмыш өңірде көп қоныстанбауы еді.

Ұлттар бойынша әскери зардаптар

Ұлттар	Соғыс-қа аттанғандар	Әскери шығындар 1941-1945 жылдар				Барлығы
		Шайқастарда қаза тапқандар	Госпитольдерде қаза тапқандар	Тұтқында қаза тапқандар	Еш хабарсыз жоғалғандар	
Қазақтар	21321	3171	513	35	3999	7718
Орыстар	37323	6580	1274	96	7578	15528
Украиндар	8706	1585	296	16	1854	3751
Татарлар	605	139	42	1	175	357
Өзбектер	67	13	3	1	18	35
Белорустар	192	10	2	1	12	25
Кәрістер	13	1	-	-	-	1
Ұйғырлар	4	-	-	-	-	-
Поляктар	326	44	7	-	18	79
Әзербайжандар	5	2	-	-	2	4
Еврейлер	121	55	15	-	28	98
Мордвалар	11	4	1	1	3	9
Молдовандар	62	5	1	-	10	16
Чуваштар	79	3	1	-	6	10
Дүнгендер	26	-	-	-	-	-
Армяндар	61	7	-	-	-	7
башқұрттар	32	1	-	-	1	2
Тәжіктер	14	1	-	-	-	1

Басқа ұлттар	312	2643	685	54	2927	6309
Барлығы	69880	4264	2840	205	16641	33950

Жас көрсеткіші бойынша шығындар

Туған жылы	Соғысқа аттанғандар	Майданда қаза тапқандар	Госпитальда қаза тапқандар	Тұтқында қаза тапқандар	Еш хабарсыз жоғалғандар	Барлығы
1890	29	4	-	2	13	18
1891	42	5	3	3	9	21
1892	39	3	3	1	15	22
1893	57	18	5	-	10	33
1894	83	25	8	1	25	59
1895	96	35	8	2	27	72
1896	151	65	13	2	45	125
1897	437	156	31	4	184	375
1898	832	201	36	10	282	529
1899	1609	192	29	1	180	402
1900	2001	324	55	4	478	861
1901	1792	227	42	5	336	610
1902	1029	329	68	7	433	837
1903	2324	365	65	11	469	910
1904	2213	367	65	4	504	940
1905	2600	386	64	6	543	999
1906	1432	429	90	3	594	1116
1907	2231	330	64	7	556	957
1908	2201	329	96	7	567	999
1909	2197	366	60	3	543	972
1910	2432	395	75	8	554	1032
1911	1978	324	63	5	404	796
1912	2309	393	75	7	658	1183
1913	2204	355	70	3	506	934
1914	1405	422	90	5	492	1009
1915	2307	336	58	4	423	821
1916	2409	342	60	6	460	868
1917	2092	300	39	3	447	789
1918	2533	464	67	8	638	1177
1919	2207	312	79	10	501	902
1920	2192	340	67	20	497	924
1921	2603	349	60	10	562	981
1922	2792	605	128	7	613	1353
1923	3032	753	144	4	630	1531
1924	2971	635	141	3	445	1224
1925	2432	653	136	-	383	1172
1926	1832	262	52	-	164	478
1927	745	14	4	1	24	43
Белгісіз	6000	2853	627	19	2427	5926

Барлы- ғы	69880	14264	2840	205	16641	33950
--------------	-------	-------	------	-----	-------	-------

Жоғарыда көрсетілген кестелер мен статистика 1970-ші жылдардың біреуінде жарық көрген «Цилиноградская правда» мерзімді басылымның «Цена победы» атты мақаласында көрсетілген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты 61 қор, 41 тізбе, 21 іс
2. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты 430 қоры, 14 тізбе, 5 іс

УДК 342.511.7(574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ӨЗГЕРІСТЕРІ МЕН «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ СЕРПІЛІС

Жақып Әкежан Халықұлы

halyk_k@mail.ru

Экономика, технология және тағам өнімдерін стандарттау колледжі 3 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері - Қожахмет Х.Ж., Токтарбаев Д. Г-С.

Елбасы елімізді рухани жаңғыртудың бірегей бағдарламасын ұсынды. Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жоқ. Елбасы атап көрсеткендей, XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы дәуір болды. Бұл ақиқат. Мысалы, ашаршылық кезеңінде қазақ халқының жартысынан астамын жоғалтып алдық. Бұл, бүкіл адамзат тарихындағы ең ауқымды қасіреттің бірі және сол кездегі биліктің бүкіл адам затқа қарсы жантүршігерлік қылмысы. Дегенмен, Президент айтқандай, тарих тек ақтандақтардан тұрмайды. XX ғасырда Қазақстан бірқатар жетістіктерге де қол жеткізді, олардың ішінде индустрияландыру және әлеуметтік инфрақұрылымның негізі қалып тасты. Алайда, осы жерде біз бәріміз, сол кезеңдегі жаңғырудың қазақ ұлтының жаңғыруы болмағанын айқын түсінуіміз керек. Нағыз ұлттық жаңғыру тек Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана, Елбасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізінде басталды деп дүдәмалсыз айтуға болады. Әлемдегі әрбір ұлттың әлеуеті – бұл тарихтың сабақтарынан үлгі алуы мен тәжірибе жинақтаудағы қабілетіне тікелей байланысты. Мысалы, Қытай XV ғасырда бүкіл әлемдегі ішкі жалпы өнімнің жартысына ие болды. Бірақ, басқа әлемнен оқшауланып, «Күн астындағы» империямыз деп тоқмейілсіген қытайлар индустриялық жағынан әлемдегі дамыған мемлекеттерден кенже қалып, Батыс елдері тарапынан басқыншылыққа ұшырады. Ал XIX-XX ғасырларда азамат соғысының тауқыметін бастан кешірді. Тарихтың сабақтарын ескерген Қытай қазір экономикада, жаңа технологияларды енгізіп пайдалануда едәуір ілгерілеуге қол жеткізді. Сондықтан, Елбасы халқымызға өз дүниетанымын түбегейлі өзгерту жөнінде нақты кеңес беріп отыр. «Өзімдікі таңсық, өзгенікі қаңсық» деген пайым қазіргі ұғымға мүлдем сай келмейді. Бұл ретте, еліміздің бүкіл дүние жүзіндегі жағымды үдерістерге сәйкес келуі аса маңызды. Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық. Біз саяси жаңғыру мен экономикалық реформаларды жүзеге асыруды қолға алып, бүгінгі күнге нақты нәтижелермен жетіп отырмыз. Президент бұл мақсатты толық орындау үшін «Санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», – деп нақты міндет қойды. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді.